

М.Қ. Жақан^{*1}, Ф.Б. Худойдодзода², Р. Иманжүсіп¹¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан²Тәжік мемлекеттік ұлттық университеті, Душанбе, Тәжікстан

(E-mail: madina_star90@mail.ru, farukh1984@mail.ru, raushankoshenova@mail.ru)

Ибн Синаның логикалық ілімі және силлогизміндегі кейбір ерекшеліктер

Грек философиясы ортағасыр ойшылдарының, әсіресе мұсылман-араб ойшылдарының назарында болғаны мәлім. Әсіресе Платон мен Аристотель ілімі көбірек қызықтырды. Халифаттағы ғылым өзге халықтар мұрасын, соның ішінде ежелгі грек мұрасын араб тілінен аударумен айналысты. Сол ғылымдар ішінде әлбетте логика ілімі де бар болатын. Ол, яғни логика рационалистік методикаға деген қажеттілікті қанағаттандыра отырып, араб мәдениетінің әртүрлі салаларында қолданылды. Мұсылмандық ғылымдарда көбіне рационалды ойлаудың бір құралы болды: оны лингвисттер, философтар, дінмарлар, ислам құқықтанушылары қолданған болатын. Кейбір ғалымдар логиканы жасырын түрде қолданды, себебі ислам апологеттері тарапынан сынға ұшырауға қорықты. Жалпы араб-мұсылман логикасының тарихын бірнеше кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңде антикалық мұраны араб тіліне аударды. Екінші кезеңде байсалды логикалық зерттеулер пайда болды. Ол Әл-Фарабиден бастау алып Ибн Синамен тоқталады. Өрі қарай үшінші кезең мен төртінші кезең бар. Бұл кезеңдерге тоқталмаймыз. Аталмыш екінші кезеңде жасалған логикалық зерттеулер өзге де ғылымдар дамуына зор үлес қосты. Логика ілімін мұсылмандық өмір шындығына жақындастыру мақсатында жасалған қадам логика ғылымын жаңартып жіберді. Логика іліміне өз еңбектерімен жаңа серпіліс берген ол әлбетте ойшыл, ғалым Ибн Сина. Мақалада осы тұлғаның логика жүйесі, силлогистикасы жайында жазылған. Яғни Ибн Сина мен Аристотельдің логикалық жүйелеріндегі кейбір тұстарды салыстыра отыра, Шейх ур Райстың өзгешелік жақтары баса көрсетілген. Сондай-ақ Ибн Сина силлогистикасындағы шартты-біріктіруші мен шартты ажыратушы силлогизмдер түріне жеке тоқталынған. Себебі академик Диноршоев пайымынша Ибн Синаға дейін бұл силлогизм түрін ешкім соншалықты тыңғылықты дәрежеде зерделемеген.

Кілт сөздер: Ибн Сина, логика, силлогизм, дәлел, пайым, негіздеме, біріктіруші, жоққа шығарушы, ортаңғы термин, модус.

Kipicne

Классикалық ислам зиялыларының ішінде ренессансты энциклопедизм түріне жататын, өзіндік өзгеше орны бар тұлға, ол Ибн Сина (980–1037). Фальсафаның (эллинистік ислам философиясы) ірі өкілі. Зерттеушілер Ибн Синаның араб тілінде жазылған 400-ге жуық және фарси тіліндегі 20-ның шамасындағы ғылыми еңбектерінің болғанын растайды. Ол моноисттік ревелативизмді антикалық-философиялық дәстүрмен біріктірді. Ал бұл синтез кейіннен иудаизм (Моисей Маймонид) және батыс еуропа христиан (Ф.Аквинский) ойшылдарына серпіліс әсерін берді.

Сонымен бірге ұлы философ Ибн Сина ұлы дәрігер болғаны да мәлім. Оның «Медицина ғылымдарының канонының» латын тіліндегі аудармасы Еуропа дәрігерлерінің үстел кітабы ретінде XVII ғ. дейін болған. Ал физика саласында оның «зорлықшыл ұмтылыс» (насильственное стремление) концепциясы Жан Буриданның «импетус» (impetus) жайлы іліміне негіз салды.

Аристотельдік дәстүр тарихында басты кезең Ибн Синаның аш-Шифа (Исцеление) кітабы болып табылады. Ол кітаптың ерекше танымалдылығы ол бір философ қаламынан шыққан көлемі жағынан ең үлкен туынды. Бұл аталмыш энциклопедияда Аристотельдің ғылыми-философиялық мұрасы алғаш рет жүйеге келтіріліп жазылған. [1; 13]. Зерттеушілер пайымынша дәл осы жүйелеу арқасында латындық батыста аристотелизм жетістік шыңына шықты. Сол кездегі барлық ғылыми пәндер енген жүйелеу шегінде табиғаттағы бүткіл үш патшалығы — минералдар, өсімдіктер, жануарлар біртұтастыққа біріктірілді.

Жалпы бұл мақалада Ибн Сина логикасына және ондағы силлогизмдерге талдау жасалынды. Яғни оның өзгешеліктері мен ерекшеліктері сараланды. Ибн Синаның силлогизм теориясындағы

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: madina_star90@mail.ru (М.Қ. Жақан)

силлогистиканың мәнін талдамас бұрын силлогизм ұғымы жайлы, оның пішіндері мен заманауи формалды логикадағы ережелері жайында жазып кеткен өте орынды болады.

Силлогизм дегеніміз ол пайымдау түрі. Аталмыш пайымдау түрінде әдетте екі алғышарт, олар байланыстырушы субъекттер (бастауыш) және предикаттар (баяндауыштар) ортақ (орта) терминмен байланысқан. Яғни қорытындыда ұғымдардың тұйықталуын қамтамасыз ететін пайым. Дәстүрлі формальды логикада силлогизм деп дедуктивті ой түйіндемені айтады. Бұл дегеніміз алғашқыдан белгілі пайымдардан (алғышарттар) үшінші жаңа пайым, қорытынды шыққанды айтады. Сонымен қатар «силлогизм» термині одан да кең мағынасында қолданылады – шартты және шартты-категориялық ой түйіндемелерде, бөлісу-категориялық ой-түйіндемелері мен шартты-бөлісу (лемматикалық) ой түйіндемелерінде [2; 33].

Зерттеудің әдіснамасы

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі шетелдік ғалымдардың практикалық және әдістемелік жұмыстарына негізделген. Мақалада қолданылған негізгі әдістер философиялық тұрғыдағы жүйелік құрылымдық, тарихи-логикалық, салыстырмалы талдаулар. Сонымен қатар мақала тақырыбына қатысты біршама бірегей жұмыстар қолданылды. Зерттеу Ибн Сина логикасы мен силлогистикасының негізгі аспектілері шеңберінде жүргізілген.

Ибн Сина логикасының өзгешелігі

Жалпы Ибн Синаның логикасы оның «Сауығу кітабы» («Китаб аш Шифа»), «Құтқару кітабы» («Китаб ан-Наджод»), «Білім кітабы» («Даниш намә»), «Нұсқаулық және сілтеме кітабы» («Китаб ишорат ва танбе хот») атты еңбектерінде мазмұндалған.

Логика Ибн Сина пікірі бойынша танымсыз әдістер мен түсіну әдістерінің доктринасы. Яғни олар жалпыға танымал және ақиқат жайлы сұрақтарға негізделген. Логика ол да ғылым себебі ол заңды (легальды) құрал, оның қолданылуы адамды қатеден, ойындағы қатесінен сақтап қалуға көмектеседі. Ибн Синаның философиялық жүйесінде логика орталық элемент болып табылса, ал оның логикасының маңызды бөлігі ол силлогизм жайындағы ілім болып табылады. Силлогизм, әсіресе дәлелдемелік түрі, ғалым бойынша шынайы білім дәлелдемесін алудың маңызды жолы болып табылады. Сондықтан ол «Сауығу» еңбегінде осы ойлау формасына жағдайлық талдау жасай отыра, оның мәнін, түрлерін, модустерін, танымдық мәнін өзге дәлелдеу формаларының айырмашылығын анықтайды. Соның ішінде индукция мен аналогияның.

Ибн Сина өз энциклопедиясын ғылымдарды жіктеуден бастайды. Тіптен бұған жеке «Рационалды ғылымдар топтамасы» атты трактат арнаған болатын. Шей ур Райс перипатетикалық дәстүрге сүйене отыра, білімнің барлық салаларын «ғылымдар ғылымы» деп аталатын философия астарында шоғырлатты. Аристотельмен салыстырар болсақ, Аристотельде ғылымдар алдымен ғылымдардың мақсатына қарай үш үлкен топқа бөлінеді. Біріншісі «теориялық/ ой толғаныс», оның пәні білім (физика, математика, метафизика). Екіншісі «тәжірибелік» (этика, политика) адам іс-әрекетін реттеуге бағытталған. Үшіншісі «шығармашылық/өнімді» бір нәрсені жасауға бағытталған (өнер, қолөнер, қолданбалы ғылымдар). Ал Ибн Синада үшінші топ фактілі түрде жойылады, яғни бұл топтағы риторика мен поэтиканы логика құрамына енгізеді, ал қолданбалы ғылымдарды, өнерді және қолөнерді теориялық философияның «қайталама» бөліміне жатқызады. Ибн Сина бойынша философияның теориялық бөлігінің мақсаты ол ақиқатқа жету (хакк), ал тәжірибеліктің мүддесі — игілікке жету (хайр) [3; 28].

Логиканың философия ғылымдарына қатыстылығы жайында сұраққа жауап беру үшін Ибн Сина заттардың мәнін (махиййа) үш қырлы қарастыруға болатынына аса көңіл бөледі. Ойшыл логиканы тек гректер кітабынан ғана емес, сондай-ақ өзге деректерден де оқып таныған. Осы ретте ойшыл былай деп жазады: «Бізге келер болсақ, философияның бастапқы сабақтары, яғни ізашарлар мазмұндағаны оңай болды. Ғылымдар бізге тек гректерден ғана келген еместігі әбден мүмкін. Біз ғылыммен айналысқан шақта жастық шақ еді және бұл мезетте негізін салушылар қалдырған мұраны зерделеу сияқты құдайылық сәттілік көмектесті. Кейін біз гректер мұраға қалдырған «логика» ғылымын тыңғылықты зерделедік, салыстырдық. Бұл ғылым шығыс халықтарында басқаша аталуы мүмкін деген оймен салыстыруға келетіндермен де, келмейтіндермен де салыстырып, әрбір заттың себебін іздей келе, нәтижесінде ақиқаттың ақиқат, жалғанның жалған екені айқындалды» [4; 56]. Бұл Ибн Синаның жазған сөзіне ойшылдың ақырғы еңбектерінде гректер мұрасына сыни қарағандығы жайлы көрсетіп тұр. Соның ішінде Аристотельдің логикалық жүйесіне сыни қарады. Яғни грек

ойшылдарының мұсылмандық ізбасарларына олардың кемшіліктері мен оқылықтарын көрсеткісі келді. Сол көрсету арқылы ислам фәлсафасын гректік сыннан тыс, шексіз әсерінен босатқысы келді. [5; 13].

Ибн Сина Аристотельге еліктеуші ғана емес деген пікір мұсылман ойшылдарына ғана тән емес. Бұндай ой көптеген батыс, ресейлік зерттеушілерде бар. Мәселен кеңестік зерттеуші Б.Э. Быховский былай жазады: «Ибн Сина көзқарастары Аристотель көзқарастарына жақын болғанымен, ол перипатетиктік философияны қайта жасаушысы болған емес. Ибн Сина шығармашыл түрде әзірлейді, яғни аристотелизмді қайталамайды. Керісінше оның көптеген ұсынымдарын тереңдетіп, өзгертеді. «Сілтеме кітабының» логика бөлімін оқығанда бұған көзін жетеді. Әрбір қарастырылып отырған сауалды Ибн Сина өздігінен шешіп, Аристотельдің «Аналитикада» берілген мағлұматтар мен пайымдардан мүлдем алшақтайды да, өзінің түсіндірмесін береді» [6; 78].

Ибн Синаның пікірі бойынша логика бұл жалпыға белгілі және ақиқат жайлы сұрақтарға негізделген белгісіз әдістер мен түсіну әдістерінің доктринасы. Логика — ол да ғылым, себебі ол заңды құрал және оның қолданысы арқылы адамды қателіктерден, ойдағы қателіктерден қорғайды. Логика Ибн Синаның философиялық жүйесінің орталық элементі. Бұл ғылыми танымның әдісі, яғни ғылым жолын таңдағандар ақиқат білім алу үшін әдістерге бар болуы шарт. Логика Ибн Сина үшін шынайы қорытынды білім алу жолындағы әдіс-тәсілдер ілімі болып табылады. Яғни ол білімдер қалыптасқан білімдер негізінде пайымдау барысында алынады. Бұған анықтама берудің мына бөлігі сәйкес келеді: логика адам ақылындағы ұғымдардан адам белгісі келетін ұғымдарға өтудің тәсілдерін зерттейтін ғылым. «Данышنامه» еңбегінде Ибн Сина ұғым мен пайымды білімнің екі түрі ретінде қарастырады. Пайымдар идеялардан, яғни ақыл-ой түрлерінен (маани) жасалады [7; 112].

Ибн Сина өз еңбектерінде ойлаудың әртүрлі логикалық түрлерін талдауда бірінші ұғым мәселесін қарастырудан бастайды. Себебі ойшылдың пікірінше оқу барысында біз алдымен ұғымдарды қажетсінеміз. Өйткені ұғым адам ойлауының бастапқы формасы, яғни ол заттардың жалпы, жалқы ерекшеліктері мен қасиеттерін көрсетеді.

Алғашқыда силлогизм теориясын (силлогистика) Аристотель құраған болатын. Ол силлогизмнің басты қағидасын да қалыптастырды: «Біреуі өзгесі туралы бастауыш сияқты айтылса, онда баяндауышы туралы да бастауыш жайлы болады». Аристотель жүйесі формальды логиканың қалыптасуына берік ірге болды. Сонымен қатар тек бірінші логикалық теория ғана болған жоқ, ғылым тарихындағы ең алғашқы теориялардың бірі болды. Аристотель ілімі, әсіресе оның силлогистикасы Ибн Синаның дүниетанымына үлкен әсерін тигізді.

«Силлогизм дегеніміз ол пайым, бұл пайым қабылданған қағидалар еріксіз өзге бір қағиданы тудырады. Оған мысал: «әрбір дене пішінге ие, ал пішінге иелердің барлығы жаратылған». Бұл пайымдау силлогизм болады. Себебі егер жоғарыда айтылған пайымдар қабылданса, онда еріксіз келесі қағида туындайды: «әрбір дене жаратылған». Сондай силлогизмнің екі түрі болады: біріктіруші (иктирани), жоққа шығарушы (истиснаи) [8; 541].

Ибн Сина сенген кез келген негіздеме арқылы жасай ала бермейсің. Сол себепті ол бірнеше заңдылықтарды әзірлеген болатын:

- екі жоққа шығарар негіздемеден силлогизм туындамайды;
- екі жеке негіздемеден силлогизм құрылмайды;
- егер кіші негіздеме жоққа шығарушы болса, ал үлкен негіздеме — жалпы болса силлогизм құрылмайды;
- егер негіздеменің бірі — жоққа шығарушы болса, онда қорытындыда жоққа шығарушы болады;

Ибн Сина өзінің логикалық еңбектерінде біріктіруші категориялық пайымдаманың тек осы үш пішінін талдайды.

Бірінші пішін (фигура). Біріктіруші категориялық силлогизмнің ортаңғы термині кіші негіздеменің предикаты, ал үлкен негіздеменің субъектісі болады. Біріктіруші категориялық силлогизмдер екі шартты қанағаттандырулары керек:

- олардың кіші негіздемесі болымды болуы шарт;
- олардың үлкен негіздемесі ортақ болуы шарт.

Осы ережелерге сәйкес Ибн Сина бірінші пішіннің 4 модусын ажыратады:

| | |
|---|--|
| I. AAA Әрбір В ол А мәні Әрбір С ол В мәні Әрбір А ол С мәні | II. EAE Ешбір В ол С мәні емес Әрбір А ол В мәні Ешбір А ол С мәні емес |
| III. AII Әрбір В ол С мәні Кейбір А ол В мәні Кейбір А ол С мәні | IV. EIO Ешбір С ол В мәні емес Кейбір В ол А мәні Кейбір А ол С мәні емес |

Екінші пішін. Біріктіруші категорияның силлогизмінің екінші пішіндегі ортаңғы термині әрбір негіздеменің предикаты болып табылады. Екінші пішіндегі силлогизмдер шынайылығының шарты Ибн Сина бойынша ол негіздемелердің бірі болымды, бірі жоққа шығарушы болуы шарт. Қайткен жағдайда да үлкен негіздеме жалпы болуы керек. Сол себепті екінші пішіндегі силлогизмдер 4 модуска ие. Екінші пішін модустарының символикалық жазбасы мынадай:

| | |
|---|--|
| I. EAE Ешбір С ол В мәні емес Әрбір А ол В мәні Ешбір А ол С мәні емес | AEE Әрбір С ол В мәні Ешбір А ол В мәні емес Ешбір А ол С мәні емес |
| III. EIO Ешбір С ол В мәні емес Кейбір А ол В мәні Кейбір А ол С мәні емес | IV. AOO Әрбір С ол В мәні Кейбір А ол В мәні емес Кейбір А ол С мәні емес |

Үшінші пішін. Ортаңғы термин екі негіздемеде де субъект болады. Аталмыш пішін силлогизмдерінің шарты ол кіші негіздеме міндетті түрде болымды, ал негіздеменің бірі (қайсы болса да) – жалпы болуы шарт. Осы шарттарға сай бұл пішін силлогизмдері 6 модустан тұрады:

| | |
|--|---|
| I. AAI Әрбір В ол А мәні Әрбір В ол С мәні Әрбір А ол С мәні | II. IAI Ешбір В ол С мәні Әрбір В ол А мәні Кейбір А ол С |
| III. EAO Ешбір В ол С мәні емес Әрбір В ол С мәні Кейбір А ол С мәні емес | IV. OAO Кейбір В ол С мәні емес Әрбір В ол А мәні Кейбір А ол С мәні |
| V. EIO Ешбір В ол А мәні емес Кейбір В ол С мәні Кейбір А ол С мәні емес | VI. AII Әрбір В ол С мәні Кейбір В ол А мәні Кейбір А ол С |

Ибн Сина өзінің логикалық ілімін мазмұндауын анықтамадан бастайды. Анықтаманы талқылау Ибн Синаның логикалық ілімінде маңызды рөл атқарады. Себебі бүткіл логика ойшыл. Ол бойынша екі бөлікке бөлінеді: анықтама және ой қорытынды. Ойшыл анықтаманың екі түрін ажыратады: Хадд және Расм. Хадд араб тілінен аударғанда шек, шекара деген мағынаға ие, бұл сөздің астарында Ибн Сина анықталынып жатқанның нақты анықтамасын меңзейді. Екінші анықтама ол Расм, ол арабша бейне деген мағына береді. Оның астарында Ибн Сина зат сипатының толық емес анықтамасын түсінеді. Ибн Сина ұсынған Хадд және Расм араб терминдері араб тілді дәстүр логикасындағы анықтаманы анықтау мәселесінде жаңа ұғымдар болып табылады. Аристотельдің анықтамасымен салыстырар болсақ, бірінші ұстазда анықтама постулат та емес, болжам да емес. Ал Ибн Сина анықтаманы ой қорытындымен бірге ұстайды, яғни пайымдау негізі болып табылады. Бірінші қағидаға жатпайтынды ажырату үшін Ибн Сина тіптен өзге концепция сипаттауды ойлап табады. Ойшыл анықтаманы тек заттың негізгі қасиеттерін анықтау үшін ғана қолданбайды, сонымен қатар заттардың мәнін, яғни заттардың бар болу себептілігін тану үшін қолданады. Тағы да бір айтып кетер

жайт ол Аристотель анықтаманың барлық түрлеріне бір құрылым тәсілін береді. Ал Ибн Сина әрбір анықтамаға — жеке тәсілді берген. Аристотельдің анықтама мәселесі онтологиялық сарынға ие және анықталып жатқанның бар болуына қатысты жүзеге асады. Ал Ибн Синада екі анықтамада гносеологиялық сипатқа ие және анықталып жатқанның онтологиялық негіздеріне қатысты емес [9; 158].

Ибн Сина силлогистикасындағы шартты-біріктіруші және шартты ажыратушы силлогизмдер

Тәжік философы, академик М.Д. Диноршоевтың айтуынша Авиценнаға дейінгі логиктер Аристотель, Әл-Фараби, стоиктер шартты-біріктіруші силлогизмдерді тыңғылықты зерттеген жоқ. Шартты-біріктіруші силлогизмдерді тыңғылықты зерттеген Ибн Синаның логика дамуына қосқан үлкен үлесі болып табылады. Оның көзқарасы бойынша шартты-біріктіруші силлогизмде бір немесе екі негіздемесі шартты пайымдау болады. Шартты-біріктіруші силлогизмдер қасиетіне қарай 6 түрлі болады:

- қабысқан шартты-біріктіруші силлогизм;
- қабысқан шартты-ажыратпалы силлогизм;
- қабысқан шартты-біріктіруші баяндауышты (предикативті) силлогизм;
- шартты-біріктіруші баяндауышты (предикативті) силлогизм;
- біріктіруші-ажыратушы шартты силлогизм;
- ажыратпалы-біріктіруші шартты силлогизм.

Ойшылдың пікірінше, қабысқан шартты силлогизм — ол екі шартты-біріктіруші пайымнан тұратын пікір. Біріктіруші шартты силлогизмдердің пайымдамалары, оның ішінде шартты-біріктіруші силлогизмдердің де пайымдамасы антецеденттен (мукадуам) және консеквентпен құралады. Олар предикативті пайымдамаларда субъект пен предикат қызметін атқарады. Біріктіруші шартты силлогизм, біріктіруші категориялық силлогизм сияқты үш пішінге (фигураға) ие:

Бірінші пішін (фигура): бұнда ортаңғы термин орнын кіші негіздемеде шартты пайымдаманың антецеденті алады, ал үлкен негіздемеде шартты пайымдаманың консеквенті алады. Бұл пішін (фигура) екі біріктіруші негіздемелерден құралады. Және де қорытынды жасайтын жағдайлар категориялық силлогизмдердің бірінші фигурасындағыдай. Аталмыш пішінде 4 дұрыс модустар бар:

Бірінші модус екі жалпы болымдылық шартты-біріктіруші пайымдамадан жасалады:

А ол В болғанда, онда С ол Д
С ол Д болғанда, онда Е ол F
А ол В болғанда, онда Е ол F болады

Екінші модус екі ортақ негіздемеден, яғни үлкені болымсыз болатын негіздемеден құралады:

А ол В болғанда, онда С ол Д
Егер С ол Д болса, онда Е ол F емес
Егер А ол В болса, онда Е ол F емес

Үшінші модус кіші негіздемесі жалқы (жеке) болатын екі болымды негіздемеден жасалады:

Егер кейбір А ол В болса, С онда Д болады
Егер әрбір С ол Д, онда Е ол F
Егер кейбір А ол В, онда Е ол F

Төртінші модус кіші жалқы болымды және үлкен жалпы болымсыз негіздемелерден құралады:

Егер кейбір А ол В болса, С онда Д
Егер С ол Д, онда Е ешқашан F емес
Егер А ол В болса, онда Е ол F емес

Ибн Сина осы шартты-біріктіруші силлогизмнің бірінші пішінін жетілген силлогизм деп атайды.

Екінші пішін (фигура): Бұл пішін ерекшелігі ортаңғы термин орнын екі негіздеме де шартты пайымдаманың консеквенті алады. Бұл пішінде екі болымды, екі жалқы және екі болымсыз негіздемелерден қорытынды шығарылмайды. Бұл пішінде де төрт дұрыс модус бар:

Бірінші модус үлкен негіздемесі болымсыз болатын екі жалпы негіздемеден жасалады:

| |
|--|
| Егер А ол В, онда С ол Д Егер Е ол F, онда С ешқашан Д емес Егер А ол В, онда Е ешқашан F емес |
|--|

Екінші модус кіші негіздемесі болымсыз болатын екі жалпы негіздемеден жасалады:

| |
|---|
| Егер А ол В, онда С ешқашан Д емес Е ол F болғанда, онда С ол Д Егер А ол В, онда Е ол F емес |
|---|

Үшінші модус жалқы болымды кіші негіздемеден және жалпы болымсыз үлкен негіздемеден құралады:

| |
|--|
| Егер кейбір А ол В, онда С ол Д Егер Е ол F, онда С ешқашан Д емес А ол В болғанда, онда Е ол F болмайды |
|--|

Төртінші модус кіші жалқы болымсыз негіздемеден және үлкен жалпы болымды негіздемеден құралады:

| |
|--|
| Егер А ол В, онда С ол Д емес Егер Е ол F, онда С ол Д Егер А ол В, онда Е ол F емес |
|--|

Үшінші пішін (фигура): ортаңғы термин орны оның екі негіздемесінде де шартты пайымдаманың антецедентін алады. Мұндағы қорытынды жағдайы бойынша үшінші пішінде категориялық силлогизмдер және оған ұқсас алты модус бар.

Бірінші модус екі болымды негіздемеден жасалады:

| |
|--|
| С ол Д болғанда, онда Е ол F С ол Д болғанда, онда А ол В Егер Е ол F, онда А ол В |
|--|

Екінші модус үлкен негіздемесі болымсыз болатын екі жалпы негіздемеден құралады:

| |
|--|
| С ол Д болғанда, онда Е ол F Егер С ол Д, онда А ешқашан В емес Е ол F болғанда, онда А ешқашан В емес |
|--|

Үшінші модус кіші негіздемесі жалқы болатын екі болымды негіздемеден жасалады:

| |
|--|
| Егер кейбір С ол Д, онда Е ол F С ол Д болғанда, онда А ол В Егер кейбір Е ол F, онда А ол В |
|--|

Төртінші модус үлкен негіздемесі жалқы болатын екі болымды негіздемеден тұратын модус:

| |
|--|
| С ол Д болғанда, онда Е ол F Егер кейбір С ол Д, онда А ол В Егер кейбір Е ол F, онда А ол В |
|--|

Бесінші модус кіші жалпы болымды және үлкен жалқы болымсыз негіздемелерден құралады:

С ол Д болғанда, онда Е ол F
 С ол Д болғанда, онда А ол В емес
 Е ол F болғанда, онда А ол В емес

Алтыншы модус кіші жалқы болымды және үлкен жалпы болымсыз негіздемелерден жасалады:

Егер кейбір С ол Д, онда Е ол F
 С ол Д болғанда, онда А ешқашан В емес
 Е ол F болғанда, онда А ол В емес [10; 233]

Қорытынды

Тарихи дәйектілік бойынша ежелгі гректер философтары мен логиктерінің зерделенуі, шынайы жетілуі біріншіден тек араб тілді шығыста болды десек қателеспеспіз. Соның ішінде Ибн Сина еңбектері бұған айқын дәлел. Жасалынған талдау нәтижесінде, мынадай қорытынды жасауға болады: Ибн Сина неоплатониктер сынды логикаға екі мәнділік тиесілі деп санады. Ол бір жағынан органон яғни ғылыми танымның методологиясы болса, енді екінші жағынан философияның ажырамас бөлігі болып табылады. Сол себептен ойшыл логиканы екі жоспарда қарастырды: жалпы және жалқы тұстарынан.

Ибн Сина логиканы жалпы жағынан қарастыра отыра, логиканы философияның бөлігі ретінде қарастырды. Яғни табиғатты зерттеу мен адамзат ақыл-болмысының өзгеше түрлерін зерделеуге арналған. Бұл сөйлеу, жазба таңбалары, ұғымдар, пайымдар, силлогизмдер, өзге де категориялар түрінде көрініс табады. Жалпы жоспарға сай Ибн Синаның логикалық жүйесі формальды логикадан басқа риториканы, диалектиканы, поэтиканы, софистиканы қамтиды. Ал жалқы жоспар бойынша Ибн логикасы білімдердің органоны ретінде, яғни ғылыми танымның әдіснамасы ретінде қарастырды.

Осы ретте айта кететін жайт, «Аристотель еңбектерінде логиканың жалпы түсінігі деген ұғым да, жіктеме де кездеспейді», – деп қорытынды жасайды Ф.Б. Худойодов өзінің «Развитие силлогистики Аристотеля в логическом учении Ибн Сины». Егер «логика» астарында Аристотель танылған зат арқылы танылмағанды танудың ойлау құрамдары деп түсінді. Ал риторика, диалектика, поэтика астарында ол ойлау өнерінің ерекше түрлерін түсінеді.

Сонымен Ибн Синаның логикалық жүйесін талдаудың нәтижесінде ол аристотельдік логиканың реформаторы және кодификаторы деген қорытынды жасаймыз. Себебі екі ойшылда, Аристотель де, Ибн Сина да қандай да бір силлогизм екі немесе одан көп пайымдамадан тұрады деп айтқан. Алайда Аристотельдің силлогизм теориясы ол қарапайым категориялық пайымдамадан тұратын силлогистика теориясы. Бұндай жіктеме, заманауи логика көзқарасы бойынша толық емес болып есептеледі. Силлогизмнің авиценалық жіктемесі ол Аристотель силлогизмдерін оқып, оған түзетулер мен толықтырулар енгізгенін аңғарамыз. Ибн Сина іліміндегі силлогизм жайындағы көптеген қағидалар қазіргі силлогизм теориясына сай келеді. Сонымен қатар Ибн Сина Аристотельмен салыстырғанда шартты силлогизмдерді қарастырды. Бұл шартты силлогизмдерді Авиценнаға дейін тыңғылықты ешкім зерделеген жоқ. Ибн Синаның шартты силлогизмдерді тыңғылықты зерттеуі, әлбетте логика дамуына қосқан зор үлесі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ибрагим Т.К. Мусульманская философия фальсафа / Т.К. Ибрагим, Н.В. Ефремова. — Казань, 2009. — 670 с.
- 2 Смирнов А.В. Исламская философия и философское исламоведение: перспективы развития / А.В. Смирнов. — М., 2012. — 144 с.
- 3 Диноршоев М.Д. Компендиум философии Ибн Сины / М.Д. Диноршоев. — Душанбе, 2010. — 297 с.
- 4 Сагадеев А.В. Ибн Сина / А.В. Сагадеев. — М., 1980. — 239 с.
- 5 Фролова Е.А. История арабо-мусульманской философии / Е.А. Фролова. — М., 2006. — 200 с.
- 6 Болтаев М.Н. Абу Али Ибн Сина / М.Н. Болтаев. — М., 2002. — 401 с.
- 7 Ибн Сина. Избранные философские произведения /Ибн Сина. — М., 1980. — 554 с.

8 Абу Али Ибн Сина. Сочинения. — Т. 7 / Абу Али Ибн Сина. — Душанбе, 2019. — 729 с.

9 Худойдодов Ф.Б. Развитие силлогистики Аристотеля в логическом учении Ибн Сины / Ф.Б. Худойдодов. — Душанбе, 2019. — 307 с.

10 Бартольд В.В. Работы по истории ислама и Арабского халифата / В.В. Бартольд. — М., 2002. — 775 с.

М.К. Жакан, Ф.Б. Худойдодзода, Р. Иманжусип

Логическое учение Ибн Сины и особенности силлогизмов

Общеизвестно, что греческая философия находилась в центре внимания средневековых мыслителей, в том числе и мусульманских. Особый интерес у последних вызывали учения Платона и Аристотеля. Наука в халифате с самого начала её возникновения и развития была связана с переводом научного наследия других народов на арабский язык. Одной из этих наук была логика. Она удовлетворяла настоятельную потребность в рационалистической методике, организующей научную мысль, и применялась в самых разнообразных областях арабской культуры. Для большинства мусульманских ученых, которые работали в разных областях науки, логика стала одним из средств рационального мышления: ее использовали лингвисты, философы, богословы и даже исламские правоведы. Некоторые из них её использовали тайно и анонимно, потому что опасались критики противников греческой логики со стороны исламских апологетов. Историю развития арабо-мусульманской логики можно подразделить на несколько этапов. Первый из них — это этап переводов античного наследия на арабский язык. Второй этап связан с серьезными логическими исследованиями. Он начинался с аль-Фараби и заканчивался Ибн Синой. Логические исследования, осуществленные в этот период, повлияли на развитие ряда других наук, включая языковедение, калам и основы юридического богословия (фикха). На этом этапе появились очень крупные произведения, объединяющие различные логические теории, почерпнутые из античной эпохи или из иных источников. Стремясь приблизить логику к реалиям мусульманской жизни, мусульмане в значительной мере обновили логическую науку. Несомненно, Ибн Сина своими трудами дал новый импульс изучению логики. В данной статье рассмотрена логическая система и силлогистика ученого. То есть, сравнивая некоторые аспекты логических систем Ибн Сины и Аристотеля, выявлены различия Шейх ур Райса. Ибн Сина также сосредоточился на типах условно-связывающих и условно-разделяющих силлогизмов в силлогистике. По словам академика Диноршоева, до Ибн Сины никто так основательно не изучал этот вид силлогизма.

Ключевые слова: Ибн Сина, логика, силлогизм, доказательство, утверждение, основание, объединяющее, отрицание, общий термин, модус.

M.K. Zhakan, F.B. Khudoidodzoda, R. Imanzhusip

Logical teachings of Ibn Sina and features of syllogisms

It is well known that Greek philosophy was at the center of attention of medieval thinkers, including Muslims. The latter were particularly interested in the teachings of Plato and Aristotle. Science in the Caliphate from the very beginning of its emergence and development was associated with the translation of the scientific heritage of other peoples into Arabic. One of these sciences was logic. It satisfied the urgent need for a rationalistic methodology that organizes scientific thought, and was applied in a wide variety of areas of Arab culture. For the majority of Muslim scholars who have worked in various fields of science, logic has become one of the means of rational thinking: it was used by linguists, philosophers, theologians and even Islamic jurists. Some of them used it secretly and anonymously, because they feared criticism of the opponents of Greek logic from the Islamic apologists. The history of the development of Arab-Muslim logic can be subdivided in several stages. The first of them is the stage of translations of the ancient heritage. The second stage is associated with serious logical research. It starts with al-Farabi and ends with Ibn Sina. The logical research carried out during this period influenced the development of a number of other sciences, including linguistics, kalam and the foundations of legal theology (fiqh). At this stage, very large works combining various logical theories gleaned from antique era or from other sources were written. In an effort to bring logic closer to realities of Muslim life, Muslims have significantly updated logical science. Undoubtedly, with his works Ibn Sina gave a new impetus to the study of logic. This article considers the logical system, syllogistic of the scientist. That is, comparing some aspects of the logical systems of Ibn Sina and Aristotle, the differences of Sheikh ur Rice are emphasized. Ibn Sina also focused on the types of conditionally separating syllogisms in syllogistics. According to academic Dinorshoev, no one had studied this kind of syllogism so thoroughly before Ibn Sina.

Keywords: Ibn Sina, logic, syllogism, argument, opinion, justification, unifying, negating, middle term, mode.

References

- 1 Ibragim, T.K., & Efremova, N.V. (2009). *Musulmanskaia filosofiiia falsafa* [Muslim philosophy Falsafa]. Kazan [in Russian].
- 2 Smirnov, A.V. (2012). *Islamskaia filosofiiia i filosofskoe islamovedenie: perspektivy razvitiia* [Islamic philosophy and philosophical Islamic studies: development prospects]. Moscow [in Russian].
- 3 Dinorshoev, M.D. (2010). *Kompendium filosofii Ibn Siny* [Ibn Sina's compendium of Philosophy]. Dushanbe [in Russian].
- 4 Sagadeev, A.V. (1980). *Ibn Sina* [Ibn Sina]. Moscow [in Russian].
- 5 Frolova, E.A. (2006). *Istoriia arabo-musulmanskoii filosofii* [History of Arab-Muslim philosophy]. Moscow [in Russian].
- 6 Boltaiyev, M.N. (2002). *Abu Ali Ibn Sina* [Abu Ali Ibn Sina]. Moscow [in Russian].
- 7 Ibn Sina. (1980). *Izbrannye filosofskie proizvedeniia* [Selected philosophical works]. Moscow [in Russian].
- 8 Abu Ali Ibn Sina. (2019). *Sochineniia, 7* [Essays (Volume 7)]. Dushanbe [in Russian].
- 9 Hudoidodov, F.B. (2019). *Razvitie sillogistiki Aristotelia v logicheskom uchenii Ibn Siny* [Development of Aristotel's syllogistic in the logical teaching of Ibn Sina]. Dushanbe [in Russian].
- 10 Bartol'd, B.B. (2002). *Raboty po istorii Islama i Arabskogo khalifata* [Works on the history of Islam and the Arab Caliphate]. Moscow [in Russian].